

**«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСПІДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ**

15.01.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбасва Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 9

Тәрбиеші көмекшілері: 7

Ата-аналар: 25

Барлығы: 41 адам

Күн тәртібінде:

Көкжөтел (коклюш) ауруының алдын алу, оның жұту жолдары, клиникалық белгілері, асқынулары және вакцинацияның маңызы туралы ата-аналарға ақпарат беру.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Көкжөтел – *Bordetella pertussis* бактериясы тудыратын жұқпалы ауру. Ол ауытпашы жолымен таралады және балалар арасында өте тез жұғады. Балабақша жағдайында бір бала ауырса, қысқа мерзім ішінде басқа балаларға таралу қаупі жоғары.

Негізгі белгілері:

- ұзаққа созылатын ұстамалы жөтел;
- жөтел кезінде тыныстың тарылуы;
- әлсіздік;
- құсқа дейін баратын жөтел ұстамалары;
- тәбеттің төмендеуі.

Алдын алу шаралары:

- вакцинацияны уақытында алу;
- науқас баланы оқшаулау;
- бөлмелерді желдету;
- жеке гигиенаны сақтау.

Қорытынды:

Көкжөтелдің алдын алуда ең тиімді әдіс – еспе және уақытылы медициналық бақылау.

Медбике: Қосжанова А.М.



**«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
ЫМА ЖӘНЕ АЛЛЕРГИЯЛЫҚ ДЕРМАТИТ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША
АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ**

15.02.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Айиағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 9

Тәрбиеші көмекшілері: 7

Ата-аналар: 25

Барлығы: 41 адам

Күн тәртібінде:

Қышыма (чесотка) және аллергиялық дерматит ауруларының алдын алу, олардың пайда болу себептері, жұғу жолдары, клиникалық белгілері және мектепке дейінгі балалар арасында таралуының алдын алу бойынша ата-аналарға кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Қышыма – тері паразиті (қышыма кенесі) арқылы пайда болатын өте жұқпалы тері ауруы. Ол адамнан адамға тікелей байланыс арқылы, сондай-ақ ортақ төсек-орын, киім-кешек, сүлгі және басқа да жеке заттарды пайдалану кезінде жұғады. Балалар ұжымында бұл ауру өте тез таралады.

Аллергиялық дерматит – ағзаның әртүрлі аллергендерге (тағам өнімдері, тұрмыстық химия, шаш, дәрі-дәрмек және т.б.) реакциясы нәтижесінде дамитын терінің қабыну ауруы. Бұл ауру жұқпалы емес, бірақ балалар арасында жиі кездеседі және теріде қолайсыздық тудырады.

Қышыманың негізгі белгілері:

- терінің қатты қышығуы, әсіресе түнгі уақытта күшеюі;
- саусақ араларында, білектен, іш аймағында бөртпелердің пайда болуы;
- теріде ұсақ қызыл нүктелер және жолақтар (кене жүрген іздер);
- қасыну салдарынан терінің жаралануы;
- баланың мазасыздануы, ұйқысының бұзылуы.

Аллергиялық дерматиттің негізгі белгілері:

- теріде қызару және ісіну;
- ұсақ бөртпелердің пайда болуы;
- терінің құрғауы және қабыршақтауы;

- қышыну сезімі;
- кей жағдайларда дене қызуының аздап көтерілуі;
- аллергиямен байланыстан кейін белгілердің күшеюі.

Аурулардың асқыну қауіп:

Қышыма дер кезінде емделмесе, инфекцияның қосылуына және басқа балаларға тез таралуына әкеледі. Аллергиялық дерматит ұзаққа созылған жағдайда терінің қорғаныш қабілеті төмендеп, созылмалы түрге өтуі мүмкін.

Алдын алу шаралары:

- жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау;
- қолды сабынмен жиі жуу;
- жеке сүлгі, киім, төсек-орынды бөлек қолдану;
- балалардың тырнағын қысқа ұстау;
- бөлмелерді жиі желдету және ылғалды тазалау;
- аллергия тағамдарды (шоколад, цитрус, бояғышы бар өнімдер) шектеу;
- тұрмыстық химияны дұрыс пайдалану;
- үй жануарларын тексеруден өткізу;
- терідегі өзгерістерді ерте анықтау және дәрігерге жүгіну.

Қаулы:

1. Қышыма және аллергиялық дерматит аурулары бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту.
2. Балалардың жеке бас гигиенасын тұрақты бақылау.
3. Ата-аналарға үй жағдайында алдын алу шараларын түсіндіру.
4. Балабақшада санитарлық талаптарды қатаң сақтау.
5. Ауру белгілері бар балаларды уақытында медициналық тексеруге жіберу.

Қорытынды:

Қышыма — өте жұқпалы паразиттік ауру, ал аллергиялық дерматит — иммундық жүйенің реакциясы. Екі жағдайда да алдын алудың негізгі жолы — тазалық сақтау, аллергиямен сақтану және уақтылы медициналық көмекке жүгіну. Балалардың денсаулығын қорғауда ата-ана мен балабақша бірлескен жұмысы маңызды рөл атқарады.

Медбике:



Қосжанова А.М

**«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
БОТУЛИЗМ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСПІДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ**

12.03.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 9

Тәрбиеші көмекшілері: 7

Ата-аналар: 25

Барлығы: 41 адам

Күн тәртібінде:

Ботулизм ауруының алдын алу, оның пайда болу себептері, жұғу жолдары, клиникалық белгілері, асқынулары және тағам қауіпсіздігін сақтау бойынша ата-аналарға ақпарат беру.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Ботулизм – тағам арқылы жұғатын өте қауіпті улану ауруы. Көбінесе дұрыс сақталмаған үй консервілері, сапасыз немесе жарамдылық мерзімі өткен тағамдар арқылы пайда болады. Бактериялар оттегісіз ортада көбейіп, адам ағзасына күшті токсин бөледі.

Балалар ағзасы бұл уға өте сезімтал, сондықтан аз мөлшердің өзі ауыр улануға әкелуі мүмкін. Ауру тез дамиды және уақытында көмек көрсетілмесе өмірге қауіпті.

Негізгі белгілері:

- кенеттен әлсіздік;
 - бас айналу;
 - көздің бұлдырауы;
 - қос көру;
 - жұтынудың қиындауы;
 - ауыздың құрғауы;
 - жүрек айну және құсу;
 - іштің ауыруы;
 - тыныс алудың нашарлауы.
-

Алдын алу шаралары:

- үй консервілерін қолданбау;
 - сапалы және тексерілген өнімдерді пайдалану;
 - тағамды дұрыс сақтау;
 - жарамдылық мерзімін бақылау;
 - күмәнді тағамдарды балаларға бермеу;
 - ас үй гигиенасын сақтау;
 - санитарлық талаптарды орындау.
-

Қаулы:

1. Ботулизм ауруының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
 2. Балалардың тамақтану қауіпсіздігін бақылауды күшейту.
 3. Ата-аналарға ақпараттық жұмыс жүргізу.
 4. Балабақшада санитарлық талаптарды сақтау.
 5. Күмәнді тағамдарды қолдануға жол бермеу.
-

Қорытынды:

Ботулизм – өте қауіпті тағамдық улану. Оның алдын алуда негізгі шарт – тағам сапасын қатаң бақылау және санитарлық талаптарды сақтау.

Медбике:



Қосжапова А.М.

**«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
БӨРТПЕ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ**

15.05.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбасва Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 5

Тәрбиеші көмекшілері: 6

Ата-аналар: 20

Барлығы: 31 адам

Күн тәртібінде:

Балалар арасында жиі кездесетін бортпе ауруларының (вирустық, аллергиялық және жұқпалы тері бортпелері) алдын алу, олардың пайда болу себептері, жұту жолдары, клиникалық белгілері және мектепке дейінгі ұйымда санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша ата-аналарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Бортпе аурулары – балалар арасында жиі кездесетін тері реакцияларының бірі. Олар вирустық инфекциялар, бактериялық жұқпалар немесе аллергиялық реакциялар нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Балабақша жағдайында балалардың тығыз қарым-қатынасы бұл аурулардың тез таралуына ықпал етеді.

Кейбір бортпе түрлері жұқпалы болып табылады және ауа-тамшы немесе тұрмыстық байланыс арқылы таралады. Ал аллергиялық бортпелер ағзаның тағамға, дәрі-дәрмекке немесе сыртқы факторларға реакциясы ретінде дамиды.

Негізгі белгілері:

- теріде қызыл немесе ақшыл дақтардың пайда болуы;
- ұсақ түйіншектер немесе көпіршіктердің шығуы;
- қышыну сезімі;
- терінің қызаруы және ісінуі;
- кей жағдайда дене қызуының көтерілуі;
- баланың мазасыздануы, ұйқысының бұзылуы.

Аурудың қауіптілігі

Бөртпе аурулары дер кезінде анықталмаса, инфекцияның асқынуына немесе басқа балаларға таралуына өкелуі мүмкін. Аллергиялық бөртпелер қайталанған жағдайда созылмалы дерматологиялық проблемаларға себеп болады.

Алдын алу шаралары

- жеке басты гигиенасын сақтау;
- қолды сабынмен жиі жуу;
- ортақ сүлгі, тарак және жеке заттарды қолданбау;
- балалардың терісін үнемі бақылау;
- аллергия тағамдарды шектеу;
- таза және желдетілген орта қамтамасыз ету;
- ойыншықтарды жиі жуу және өңдеу;
- ауру белгілері бар баланы балабақшаға қабылдамау;
- дәрігерге уақытылы қаралу.

Қаулы:

1. Бөртпе ауруларының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Балалардың жеке гигиенасын қатаң бақылау.
3. Ата-аналарға үй жағдайындағы алдын алу шараларын түсіндіру.
4. Балабақшада санитарлық талаптарды күшейту.
5. Ауру белгілері анықталған жағдайда жедел медициналық көмекке жүгіну.

Қорытынды:

Бөртпе ауруларының алдын алуда негізгі рөл – жеке гигиена, дұрыс тамақтану және санитарлық талаптарды сақтау. Балалардың денсаулығын қорғау үшін ата-ана мен балабақша бірлесіп жұмыс жасауы қажет.

Медбике:



Косжанова А.М.

**«Налажан» балалық жүйке – балалық неврология
сары аурудың алдын алу
хаттамасы**

08.10.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері Аймағанбетова А.Б.

Медбикеі Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбекова Г.Н.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 7

Тәрбиеші көмекшілері: 6

Ата-аналар: 22

Барлығы: 35 адам

Күн тәртібінде:

Балалар арасында сары аурудың шдын шыу, оның жүгу жолдары, белгілері және өлгіштігі шаралары туралы ата-аналарға түсінідіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикеі Қосжанова А.М.

Сары ауру – бауырдың зақымдануымен өспіртінділігінің жүкшілігі аурулардың бірі. Бұл ауру көбінесе вирустардың өсерінен пайда болады және балалар арасында жиі кездесетін жүкшілігі аурулардың қатарына жатады. Әсіресе мектепке дейінгі жастағы балалар жеке бас гигиенесін толық сақтап бермейтіндіктен, аурудың таралу қаупі жоғары болады.

Сары аурудың ең көп таралған түрі – А вирусты гепатиті. Ол көбіне лас қол арқылы, жуылмаған жеміс-жидектер мен ыдыстарды пайдаланғанда, қайнатылмаған су ішкенде немесе ауру адам пайдаланған заттарды қолданғанда жүреді. Сондықтан ата-аналар балаларының тазалығына ерекше көңіл бөлуі қажет. Аурудың жасырын кезеңі бірнеше аптаға дейін созылуы мүмкін. Осы уақыт аралығында бала өзінің қызығуымен сөйлеуі мүмкін, бірақ ағзасында инфекция дамып жатады. Кейіннен алғашқы белгілер байқала бастайды.

Сары аурудың негізгі белгілері:

- дене қызуының көтерілуі;
- әлсіздік пен төзімсіздігі;
- тәбеттің төмендеуі;
- жүрек айну және іссу;
- іштің оң жақ бөлігінің ауыруы;
- бас ауыруы;
- ұйқышылдық;
- зәр түсінің қоюлашуы;
- нәжіс түсінің ағаруы;
- көздің ағы мен терінің сарғашуы.

Аурудың алғашқы белгілері тұмау немесе ішек инфекцияларының белгілеріне ұқсас болуы мүмкін. Сондықтан ата-аналар баланың жағдайына мұқият болып, қандай да бір өзгерістер байқалған жағдайда дәрігерге жүгінуі керек.

Балалар арасында сары аурудың таралуының негізгі себептері:

- жеке бас гигиенасының сақталмауы;
- лас қолмен тамақ ішу;
- саласыз немесе ластанған суды пайдалану;
- жуылмаған жемістер мен көкөністерді тұтыну;
- санитарлық талаптардың сақталмауы;
- иммунитеттің әлсіреуі;
- жұқтырған адаммен жақын қарым-қатынаста болу.

Сары аурудың алдын алу үшін төмендегі шараларды сақтау қажет:

- әр тамақтанар алдында және дәретханадан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;
- тек таза және қайнатылған су ішу;
- жемістер мен көкөністерді жақсылап жуу;
- баланың жеке ыдысын, сүлгісін және тазалық құралдарын пайдалану;
- бөлмелерді жиі желдетіп, тазалық жұмыстарын жүргізу;
- дұрыс және дәрумендерге бай тағамдармен тамақтандыру;
- баланың күн тәртібін сақтау;
- таза ауада серуіндеу;
- иммунитетті нығайту;
- профилактикалық екпелерді уақытында алу.

Ата-аналарға балалардың денсаулығын күнделікті бақылап отыру, ауру белгілері байқалған жағдайда баланы балабақшаға әкелмеу және дереу медициналық мекемеге қарату қажеттілігі түсіндірілді.

Сонымен қатар балалардың дұрыс тамақтануы, дәрумендер мен минералдарға бай тағамдарды пайдалану, жеке бас тазалығын сақтау жұқпалы аурулардың алдын алуда маңызды рөл атқаратыны айтылды.

Қаулы:

1. Балалар арасында сары аурудың алдын алу бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Ата-аналарға жеке бас гигиенасын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын күшейту.
3. Балалардың денсаулық жағдайына күнделікті бақылау жүргізу.
4. Балабақшада санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау.
5. Ауру белгілері анықталған жағдайда медициналық қызметкерге және емдеу мекемесіне дереу хабарлау.

Қорытынды:

Балалардың денсаулығы – ата-аналар мен педагогтердің ортақ жауапкершілігі. Сары аурудың алдын алудың негізгі жолдары – тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, сапалы ауыз су пайдалану және салауатты өмір салтын ұстану. Баланың денсаулығына мұқият қарап, аурудың алғашқы белгілері байқалған жағдайда уақытылы дәрігерге жүгіну көптеген асқынулардың алдын алады. Балалардың денсаулығын сақтау – әрбір отбасының басты міндеті.

Медбике: Қосжанова А.М.

**«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
ТҰМАУ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША САНИТАРЛЫҚ-АҒАРТУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ**

11.09.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 8

Тәрбиеші көмекшілері: 7

Ата-аналар: 25

Барлығы: 40 адам

Күн тәртібінде:

**Тұмау ауруының алдын алу, жұғу жолдары, белгілері және күзгі маусымдағы
иммунитетті күшейту шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.**

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

**Тұмау – тыныс алу жолдарын зақымдайтын жіті вирустық жұқпалы ауру. Ауру
қоздырғышы ауа-тамшы жолы арқылы өте тез таралады. Әсіресе балабақша сияқты
балалар ұжымдарында бір баладан екіншісіне жұғу қаупі жоғары болады. Күз-қыс
мезгілінде иммунитеттің төмендеуі салдарынан ауру жиі тіркеледі.**

**Аурудың жасырын кезеңі қысқа болғанымен, балада алғашқы белгілер тез байқала
бастайды. Инфекция ағзаға түскеннен кейін вирус тыныс алу жолдарының
шырышты қабатын зақымдайды.**

Тұмаудың негізгі белгілері:

- дене қызуының күрт көтерілуі (38–40°C);
- бас ауруы және әлсіздік;
- бұлшықет пен буындардың ауыруы;
- тамақтың жыбырлауы және ауыруы;
- мұрын бітелуі және су ағуы;
- құрғақ немесе ылғалды жөтел;
- тәбеттің төмендеуі;
- баланың мазасыздануы және әлсіз күйде болуы.

Ауру асқынған жағдайда бронхит, өкпе қабынуы (пневмония), отит және синусит сияқты ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар ауруды жеңіл деп қарамауы тиіс.

Балабақша жағдайында тұмаудың тез таралуының негізгі себептері – жабық бөлмелер, ауа алмасудың жеткіліксіздігі, балалардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынасы.

Алдын алу шаралары:

- балалардың жеке бас гигиенасын қатаң сақтау;
- қолды сабынмен жиі жуу;
- бөлмелерді күніне бірнеше рет желдету;
- ылғалды тазалау жұмыстарын тұрақты жүргізу;
- балаларды дұрыс және витаминге бай тағаммен тамақтандыру;
- иммунитетті көтеру үшін таза ауада серуендету;
- ауру белгілері бар баланы балабақшаға әкелмеу;
- адамдар көп жиналатын орындарға баруды шектеу.

Ата-аналарға баланың дене қызуы көтерілген жағдайда өз бетінше ем қолданбай, дереу медициналық көмекке жүгіну қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар баланың толық сауығып кетпейінше ұжымға қайтармау маңызды екені айтылды.

Қаулы:

1. Тұмау ауруының алдын алу бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.
2. Балалардың денсаулық жағдайын күнделікті бақылауды күшейту.
3. Ата-аналарға тұмаудың алғашқы белгілері туралы толық ақпарат беру.
4. Балабақшада санитарлық-гигиеналық талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету.
5. Ауру белгілері бар балаларды дер кезінде оқшаулау және медициналық тексеруге жіберу.

Қорытынды:

Тұмау – жеңіл ауру сияқты көрінгенімен, асқынған жағдайда баланың денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан алдын алу шараларын қатаң сақтау, жеке гигиенаны үйрету және уақытылы ем алу – ең маңызды міндеттердің бірі. Балалардың денсаулығы ата-ана мен балабақша қызметкерлерінің ортақ жауапкершілігі болып табылады.



Медбике: Қосжапова А.М.

**«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
ҚЫЗЫЛША (КОРЬ) АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ
ХАТТАМАСЫ**

05.11.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбасва Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 5

Тәрбиеші көмекшілері: 7

Ата-аналар: 19

Барлығы: 31 адам

Күн тәртібінде:

Қызылша (корь) ауруының алдын алу және ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Қызылша (корь) — ауа-тамшы жолымен таралатын жіті жұқпалы вирустық ауру. Бұл ауру өте жұқпалы болып табылады және көбінесе екпе алмаған балалар арасында жиі кездеседі. Қызылша ауруының қоздырғышы — вирус. Ол науқас адамның жөтелуі, түйкіруі немесе сөйлесуі кезінде ауа арқылы таралады.

Қызылша көбіне күзгі-қысқы кезендерде жиі тіркеледі. Аурудың жасырын кезеңі орта есеппен 7–21 күн аралығын құрайды. Осы уақыт ішінде балада ешқандай белгі байқалмауы мүмкін, бірақ инфекция ағзада дамып жатады.

Қызылша ауруының алғашқы белгілері:

- дене қызуының көтерілуі;
- әлсіздік және тәбеттің төмендеуі;
- мұрыннан су ағу;
- құрғақ жөтел;
- көздің қызаруы және жасаурауы;
- жарыққа сезімталдық;
- тамақтың қызаруы;

- жалпы мазасыздық.

Аурудың 3–5 күнінен кейін баланың бетінде қызыл түсті бөртпелер пайда болып, кейіннен бүкіл денеге таралады. Бөртпе кезеңінде дене қызуы жоғарылап, баланың жағдайы нашарлауы мүмкін.

Қызылша ауруының асқынулары:

- өкпенің қабынуы;
- бронхит;
- отит;
- ларингит;
- жүйке жүйесінің зақымдануы;
- иммунитеттің өлсіреуі.

Өсіресе бір жасқа дейінгі балалар мен иммунитеті төмен балалар үшін қызылша қауіпті болып табылады.

Қызылшаның алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация. Балаларға ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы профилактикалық екпе жүргізіледі. Уақытында алынған екпе баланы аурудан және оның ауыр асқынуларынан қорғайды.

Қызылша ауруының алдын алу шаралары:

- профилактикалық екпелерді уақытылы алу;
- жеке бас гигиенасын сақтау;
- қолды сабынмен жиі жуу;
- болмелерді жиі желдету;
- адамдар көп жиналатын орындарға баруды шектеу;
- дұрыс тамақтану;
- иммунитетті нығайту;
- таза ауада серуендеу;
- науқас адамдармен қарым-қатынасты болдырмау.

Ата-аналарға балалардың денсаулығын күнделікті бақылау, қызба немесе бөртпе байқалған жағдайда баланы балабақшаға әкелмеу және дереу дәрігерге қарату қажеттілігі түсіндірілді.

Сонымен қатар қызылша ауруы анықталған жағдайда медициналық қызметкерлердің ұсынымдарын қатаң сақтау, өздігінен ем қолданбау қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Қызылша ауруының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Балалардың профилактикалық екпелерді уақытылы алуын бақылау.

3. Балабақшада санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын күшейту.
4. Ата-аналарға қызылша ауруының белгілері мен алдын алу шаралары туралы ақпарат беру.
5. Ауру белгілері байқалған балаларды уақытылы медициналық тексеруден өткізу.

Қорытынды:

Қызылша – алдын алуға болатын жұқпалы аурулардың бірі. Оның алдын алуда вакцинацияның маңызы зор. Балалардың денсаулығын сақтау үшін ата-аналар жеке бас гигиенасына, дұрыс тамақтануға және профилактикалық екпелердің уақытылы алынғанына ерекше көңіл бөлуі қажет. Аурудың алғашқы белгілері байқалған жағдайда дәрі ерте уақытылы жүгіну асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.



Медбике: Қосжанова А.М.

**«Балажан» бобекжай – балабақшасы
СКАРЛАТИНА АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША САНИТАРЛЫҚ-АҚАРТУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ**

10.12.2025 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 9

Тәрбиеші көмекшілері: 7

Ата-аналар: 25

Барлығы: 41 адам

Күн тәртібінде:

Скарлатина ауруының алдын алу, оның жұғу жолдары, клиникалық белгілері, асқынулары және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Скарлатина — стрептококк бактериялары арқылы қозатын жіті жұқпалы ауру. Бұл ауру көбінесе балалар арасында, әсіресе мектепке дейінгі жаста жиі кездеседі. Ауру ауа-тамшы жолымен, сондай-ақ паукас адамның жеке заттары арқылы да жұғуы мүмкін.

Скарлатина кезінде инфекция тамақ пен тыныс алу жолдарын зақымдайды және ағзада жалпы улану белгілері байқалады.

Аурудың жасырын кезеңі 2–7 күн аралығында болады.

Скарлатинаның негізгі белгілері:

- дене қызуының күрт көтерілуі;
- тамақтың қатты ауыруы;
- жұтынуудың қиындауы;
- әлсіздік және бас ауыруы;
- жүрек айну;
- тілдің қызарып «таңқурай тілі» тәрізді болуы;
- теріде ұсақ қызыл бөртпелердің пайда болуы.

Бөртпелер көбінесе мойын, кеуде және қолтық аймақтарында байқалады. Бет аймағында қызару болып, мұрын-ерін үшбұрышы бозарып тұруы мүмкін.

Ауру дер кезінде емделмесе, келесі асқынуларға әкелуі мүмкін:

- отит (құлақ қабынуы);
- лимфа түйіндерінің қабынуы;
- бүйрек зақымдануы;
- жүрек-қан тамыр жүйесінің асқынулары;
- буын аурулары.

Скарлатинаның алдын алу шаралары:

- жеке бас гигиенасын сақтау;
- қолды сабынмен жиі жуу;
- бөлмелерді жиі желдету;
- ығалды тазалау жұмыстарын жүргізу;
- иммунитетті нығайту;
- дұрыс тамақтану;
- науқас балалармен қатынасты шектеу;
- ауру белгілері бар баланы балабақшаға әкелмеу.

Ата-аналарға ауру белгілері байқалған жағдайда өз бетінше ем қолданбай, дереу дәрігерге қаралу қажеттілігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Скарлатина ауруының алдын алу бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Балалардың жеке бас гигиенасын қатаң бақылау.
3. Ата-аналарға толық ақпарат беру.
4. Санитарлық талаптарды сақтау.
5. Ауру күдігі бар балаларды уақытында медициналық тексеруге жіберу.

Қорытынды:

Скарлатина – жұқпалы, бірақ алдын алуға болатын ауру. Тазалық сақтау, уақытылы дәрігерге қаралу және санитарлық талаптарды орындау балалар денсаулығын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Медбике: Қосжапова А.М.